

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 731 Қаулысы

1. «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 29, 225-күжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары мынадай мазмұндағы 24-1-жолмен толықтырылсын:

«

24-1	Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту	ҚР Үкіметінің қаулысы	ЭДСМ	2011 жылғы маусым	-
------	---	-----------------------	------	-------------------	---

»

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 9 м а у с ы м д а ғ ы

№ 7 3 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама

Бағдарламаның құрылымы

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Ағымдағы жағдайды талдау
4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштері
5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері
6. Қажетті ресурстар
7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2014.11.26 № 1235 қаулысымен.

Атауы Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама).

Әзірлеу негіздеме үшін «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы

Салалық әзірлеуге асыруға мемлекеттік орган және іске жауапты Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

Мақсаты ҚР-да мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды іске асу үшін заңнамалық және институционалдық негіз құру

Міндеттері Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:
МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру;
МЖӘ негізінде жобаларды дайындау және іске асыру үдерістерін тиімді жоспарлау мен басқару жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;
халыққа қызмет көрсетудің сапасы арқылы жобаны іске асыру тиімділігін бағалау өлшемдерін белгілеу;
МЖӘ саласында мамандар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

Іскерлік мерзімдері (кезеңдері) **асыру**
Бағдарламаны іске асыру 2011 – 2015 жылдарға жоспарланған

Нысаналы индикаторлары Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін қолдана отырып, инвестициялық жобаларды іске асыру 2015 жылы 2008 жылмен салыстырғанда кем дегенде 2 есеге ұлғаяды

Қаржыландыру көздері **мен**
Бағдарламаны іске асыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды талап етпейді

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық даму – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігі МЖӘ саласында мемлекеттік саясатты дамытуға негізделген.

МЖӘ әлемге кеңінен таралып, өзін қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға жеке кәсіпкерлік субъектілерін тарту бойынша тиімді де ықтимал тетіктердің бірі

р е т і н д е

т а н ы т т ы .

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолдану мемлекетке де, бизнесті дамытуға да бірқатар артықшылық береді. Жеке сектор үшін жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше жаңа кіріс көздері, ірі жобаларға қатысу мүмкіндіктері туады. МЖӘ мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілік салаларында жеке меншік сектордың ресурстық және зияткерлік әлеуетін пайдалануды болжайды.

Халықаралық практикада МЖӘ-нің көпшілік мақұлдаған анықтамасы жоқ, жалпы МЖӘ тиісті шарттарда анықталатын тәуекелдерді, пайда мен шығындарды, құқықтар мен міндеттерді теңгерімді бөлу жағдайында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласына жататын салалардағы мемлекет пен жеке сектордың өзара тиімді ынтымақтастығын білдіреді.

Халықаралық практикада МЖӘ-нің екі нысаны бөлінеді: институционалдық және келісімшарттық .

Қазақстанның көлік және энергетика секторында жобаларды іске асыру кезінде концессия шартының негізінде МЖӘ-нің келісімшарттық нысанын қолданудағы тәжірибесі мен заңнамасы бар .

МЖӘ тетігі бойынша қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асырудың құқық қолдану практикасын одан әрі кеңейту үшін Қазақстан осы саладағы құқықтық және институционалдық негізін жетілдіруі керек .

Осыған байланысты Бағдарлама мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілік салаларында МЖӘ тетіктерін дамыту үшін шешімдерді талап ететін бірқатар маңызды міндеттер шеңберін айқындайды .

Бағдарламада МЖӘ тетігін пайдалана отырып, іске асырылатын жобалардың инвестициялық тарымдылығын арттыру үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған шаралар берілген.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

3.1. Саланың ағымдағы жағдайын, сондай-ақ аталған саланың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына ықпалын бағалау

Әлемдік практика мемлекеттік ресурстардың шектеулігі жағдайларында объектілерді құру, жаңғырту, ұстау және пайдалану үшін қажетті қаржылық базаны қамтамасыз етудің баламалы құралдарының бірі МЖӘ тетігі болып табылатынын көрсетіп отыр .

МЖӘ тетігін пайдаланған кезде мемлекет пен жеке сектордың өзара пайдалы ынтымақтастығының тиімділігін арттыру, ұсынылатын қызметтер сапасын көтеру, экономиканы әртараптандыру үшін қажетті инфрақұрылымды жеделдетіп жаңғырту мүмкіндігі пайда болады .

Халықаралық практикаға сәйкес нақты елде МЖӘ-ні дамыту үш кезеңді білдіреді: дайындау, енгізу және жетілдіру. Дайындау кезеңінде мемлекеттер халықаралық тәжірибені зерделейді, қолданыстағы заңнамаға талдау жасайды, МЖӘ саласындағы жалпы мемлекеттік саясатты айқындайды және кей уақытта пилоттық жобаларды іске асыруды бастайды. МЖӘ-ні енгізу кезеңі мынадай бірқатар шараларды болжайды: заңнаманы қалыптастыру, әдістемелік нұсқаулықтар мен басшылықтарды әзірлеу, МЖӘ-нің мамандандырылған органын құру, МЖӘ-ні қолдану аясын кеңейту және т.б.

Жетілдіру кезеңі МЖӘ саласындағы белсенділіктің өсуімен және жобалардың күрделілік деңгейінің артуымен сипатталады. Осы кезең заңнаманы, сондай-ақ МЖӘ жобаларын іске асыру үлгілерін одан әрі жетілдіруді болжайды.

Осы уақытта Қазақстанда дайындық кезеңі өтті және МЖӘ-ні енгізу үдерісі басталды деп сендіруге болады («Концессиялар туралы» Заң қабылданды, концессия мәселелері жөнінде мамандандырылған ұйым құрылды, концессиялық жобаларды іске асыру басталды).

Қазақстанда МЖӘ тетіктерін қолданудың заңнамалық негізі концессиялар шарттары бойынша туындаған өзара қарым-қатынастарды реттеу бөлігінде 1991 жылы салынған.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының бірінші Заңы Қазақстан Республикасының аумағында объектілерді шетелдік инвесторларға концессияға берудің ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық талаптарын реттеп берді.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы (бұдан әрі – Заң) 2006 жылы қабылданғаннан кейін мемлекеттік меншік объектілерін құру құқығын шетелдік инвесторларға ғана емес, алайда Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғаларға да беру мүмкіндігі пайда болды.

Заңда концессияның құқықтық талаптары концессионерді мемлекеттік қолдау мен оны жасасу үдерісінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу, концессия шарттарын орындау және тоқтату түрлері айқындалды.

Концессияны қазіргі заманғы анықтамасы – концессия шарты бойынша мемлекеттік меншік объектілерін жақсарту және тиімді пайдалану мақсатында уақытша иеленуге және пайдалануға беру, сондай-ақ концессионердің қаражаты есебінен міндетті түрде қаржыландыра отырып және мемлекетке бере отырып, концессионерге иелену, пайдалану және билік ету құқығын беріп, не онсыз, жаңа объектілерді концессионер қаражаты есебінен құру (салу) құқықтарын беру.

Үздік халықаралық практиканы ескере отырып, заңнаманы жетілдіру мақсатында 2008 және 2010 жылдары мемлекеттің бірлесіп қаржыландыруы түріндегі мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді қоспағанда, концессия жөніндегі заңнамаға объектілерді концессияға беру бөлігінде мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту мен концессиялық жобалардың тартымдылығын арттыру, инфрақұрылымдық облигациялар шығару міндеттілігін алып тастау рәсімдері мәселелері бойынша бірқатар түзетулер енгізілді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда көлік және энергетика салаларында 5 концессиялық жоба іске асырылу сатысында:

- 1) «Шар – Өскемен станциясы» теміржол желісін салу және пайдалану;
- 2) Ақтау қаласының халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын салу және пайдалану;
- 3) «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр тарату желісін салу және пайдалану;
- 4) Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласында газтурбиналы электр станциясын салу және пайдалану;
- 5) «Ералы – Құрық» теміржол желісін салу және пайдалану;

Осы объектілерді салуға болжамды инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 74 млрд. теңгені құрайды.

Концессия схемасы бойынша көлік және әлеуметтік салаларда жоспарлау сатысында шамамен 15 жоба бар, құрылысқа болжамды инвестициялардың жалпы көлемі 800 млрд. теңгеден астам.

Бастапқы концессиялық жобалар тәжірибесі МЖӘ тетіктерін қолданудың мынадай оң әсерлерін көрсетті:

инвестициялау үшін мемлекеттік маңызы бар объектілерге мемлекеттік емес қаржыландыруды тарту;

мемлекет пен жеке инвесторлар арасында жобаны іске асыру тәуекелдерін бөлу; басқару функцияларын жеке инвесторға беру жобаны іске асыруды экономикалық тиімді басқаруды қамтамасыз ету;

инфрақұрылымды дамытуға қазіргі заманғы, тиімділігі жоғары технологияларды тарту.

Сонымен қатар, бір жағынан орталық және жергілікті атқарушы органдардың инвестициялық тартымдылықты, екінші жағынан, концессиялық жобаларды жоспарлау мен дайындау сапасын көтеруге қатысты бірқатар: әлеуметтік (білім және денсаулықты сақтау) және коммуналдық салаларда жобаларды іске асыруға кедергі жасайтын мемлекеттік қолдау шараларын дамыту сияқты; концессияға беруге жатпайтын объектілер тізбесін қайта қарау; тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен тәсілдерін қайта қарау; теңестіру, құнын есептеуді және бөлуді қамтамасыз ету сияқты мәселелерді пысықтау қажет.

Бұдан басқа, қоғамның мемлекеттік секторы ұсынатын сапалы қызметтерге қажеттілігінің өсу талаптары мен мемлекеттің жеткілікті қаржылық ресурстарының болмауы құқықтық және зияткерлік негіз құру жолымен ел экономикасының әртүрлі салаларында МЖӘ тетіктерін қолдану аясын кеңейту қажеттілігін айқындайды.

3.2. Күшті және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен тәуекелдерін талдау

Күшті тұстары	Әлсіз тұстары
<p>1) мемлекет пен жеке сектор арасында тәуекелдерді, міндеттер мен құқықтарды теңгерімді бөлу;</p> <p>2) мемлекеттік бюджетке жүктемені қысқарту;</p> <p>3) билік ету құқығынан басқа (құрылыс салу және пайдалануға беру келісімшартынан басқа) мемлекеттік меншікке иелік ету және оны пайдалану құқықтарын беру;</p> <p>4) МЖӘ объектісін ұстауға арналған мемлекеттік шығыстар ашықтығын арттыру (келісімшарт нормаларын қолданудың әсері және оператордың қарыз қаражатын алуы, яғни кредиторлар мониторингі);</p> <p>5) оператордың қызметіне ықпал ету тетіктерін сақтау (жеке сектор);</p> <p>6) жаңа технологияларды барынша жылдам енгізу;</p> <p>7) тұтынушылардың мұқтаждарына арналған қызметтерді неғұрлым айқын бағдарлау;</p> <p>8) қор нарығы және банк секторын дамытуды ынталандыру;</p> <p>9) ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту;</p> <p>10) шағын және орта бизнесті дамыту;</p> <p>11) жеке сектордың мемлекеттік және жергілікті органдармен жасасатын ұзақ мерзімді келісімшарттары нысандарының алуан түрлілігі;</p> <p>12) МЖӘ-ні пайдалану мынадай басымдылықтарды ұсынады:</p> <p>мемлекет үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке сектордың біліктігі, тәжірибесі, технологиялары мен ноу-хау; - бюджетке жүктемені азайту мақсатында жеке және халықаралық инвестицияларды тарту; - инфрақұрылымның жедел қарқынмен дамуын және барынша сапалы қызметтер ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз ету; - жобаның құны мен іске асырылу уақытын қысқарту; - тәуекелдердің бір бөлігін жеке секторға беру; - капитал мен банк секторының ішкі нарықтарын дамыту. <p>жеке сектор үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше табыстың жаңа көздері; - тәуекелдерді мемлекетпен бөлісу; - ірі жобаларды басқару тәжірибесіне ие болу, - жеке кәсіпкерлікті дамыту. <p>тұтынушы үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қызметтерді тұтынушылардың «баға-сапа» оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету; - жобаны іске асыру нәтижесінде алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасын арттыру; - қызметтердің қысқа мерзімділігі мен қол жетімділігі; - жаңа жұмыс орындарын құру. инвесторлар үшін: - жаңа инвестициялық мүмкіндіктер және тиісінше табыстың жаңа көздері; - инвестициялар салу кезінде төмен тәуекелдерді мемлекетпен бөлісу. 	<p>1) бюджеттік инвестициялармен салыстырғанда жоспарлау рәсімдерінің неғұрлым ұзақтығы;</p> <p>2) нарық конъюктурасының өзгеруіне байланысты ұзақ кезеңге болжамның күрделілігі;</p> <p>3) кейбір секторларда – тарифтік, лицензиялық және т.б. шектеулердің болуы;</p> <p>4) ірі жобаларға инвесторларды тартудың күрделілігі;</p> <p>5) инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін қаржылық қолжетімділік;</p> <p>6) МЖӘ саласындағы нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі.</p>
Мүмкіндіктер	Тәуекелдер

1) саяси қолдау;	
2) халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау;	
3) МЖӘ саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;	
4) елдің ұзақ мерзімді даму бағдарламаларын іске асыру;	1) минералдық ресурстардың бағасына тәуелділікке және инфляция деңгейінің өсуіне байланысты елдің қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауы;
5) энергетикада және көлікте концессияны пайдалану тәжірибесінің болуы;	2) МЖӘ саласындағы білімнің тапшылығы;
6) жеке сектормен өзара іс-қимылдың жаңа нысандарының пайда болуы;	3) жаңа технологияларды пайдалануда білікті мамандардың жоқтығы;
7) МЖӘ саласында білім мен тәжірибе жинақтау және тарату;	4) стандарттардың үйлесімсіздігі.
8) жаңа жұмыс орындарын құру;	
9) «Жоба жанындағы» инфрақұрылымды дамыту;	
10) қол жетімді бағамен сапалы қызметтер көрсету;	
11) халықаралық стандарттар, модельдер, әдістемелер және т.б. енгізу.	

Кестеде көрсетілгендей, МЖӘ тетігін қолдануда оған әсер ететін көптеген жағымды да, жағымсыз да факторлар бар. Жасалған талдау МЖӘ-нің дамуы үшін қандай қадамдар жасауға болатындығын және қандай проблемаларға назар аудару керектігін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

МЖӘ қолданудың күшті және әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен тәуекелдерін салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

салалық министрліктер мен жергілікті билік органдары МЖӘ-ні қолдана отырып, жобаларды іске асыруда ішкі факторларды және өзгеше басымдылықтарды пайдалана алады;

талдау барысында анықталған мүмкіндіктер болашақта МЖӘ-ні пайдаланудың күшті тұтастарына айналуы мүмкін;

көрсетілген әлсіз тұстары жақсарту жағына қарай түзетулерді талап етеді.

МЖӘ саласындағы білімнің тапшылығы сияқты қауіптер ерекше көңіл бөлуді талап етеді және оларды қорғау үшін тиісті стратегиялық әрекеттер жасау қажет.

3.3. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін дамытудың негізгі проблемалары

Инфрақұрылымдық жобаларды бюджеттен тыс қаржыландыруды тарту және оларды жеке сектордың сапалы түрде басқаруы есебінен іске асыру кезінде тиімді құралдардың бірі болып табылатын МЖӘ-ні дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік саясаты шеңберінде ерекше орын алады.

МЖӘ тетігін қолдануды практикаға енгізу үшін мына проблемалық мәселелерге көңіл бөліп, осыларды шешу жолдарын пысықтау керек:

1. Халықаралық практикада жобаларды іске асыру кезінде дәстүр бойынша мемлекет жауапкершілігінің саласына қатысты мемлекет пен жеке сектордың өзара қатынасының елдің заңнамасы деңгейіне бекітілген.

МЖӘ ұғымының заңнамалық анықтамасының жоқтығы МЖӘ тетіктерін мемлекет

пен жеке сектор арасындағы кез келген шарттық және шарттық емес қатынастар деп түсінуге әкеп соғады.

Осыған байланысты қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыру үшін МЖӘ тетіктерін қолдану шегін айқындау мақсатында МЖӘ ұғымын заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесін пысықтау қажеттілігі туып отыр.

2. Халақаралық практика жаңа құрылысты және/немесе қайта жанартуды талап ететін жобаларда да, сонымен қатар басқару тиімділігін жақсартуды талап ететін жобаларда да МЖӘ тетіктерін қолдануға болатынын көрсетіп отыр.

«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан бері Қазақстанда МЖӘ-нің келісімшарттық нысандарының бірі концессия әрекет етеді.

Инвестициялық және пайдалану тәуекелдерінің басым бөлігі жеке меншік тарапқа жүктелетін бұл концессия моделі кірісті басынан бастап шоғырландыруға қабілетті ірі ауқымды жобаларды іске асыруды көздейді.

Осыған байланысты мемлекет қойған МЖӘ-ні дамыту жөніндегі міндеттер шеңберінде, әсіресе әлеуметтік маңызы бар жобаларда коммуналдық шаруашылық, білім, денсаулық сақтау сияқты, тарифтің әлеуметтік үлкен маңызы бар және басқа да салаларда жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты концессия мәселелері бойынша заңнама шеңберінде оны қолдануды кеңейтуге мүмкіндік беретін мынадай мәселелерді пысықтау қажет:

- 1) концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесін қайта қарау;
- 2) концессионерді таңдау конкурсының екі кезеңдік конкурсты қолдану мүмкіндігін көздейтін рәсімдерін жетілдіру;
- 3) мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын индексстеу мүмкіндігімен жеке сектордың инвестициялық қана емес, сонымен қатар пайдаланушылық шығыстарын өтеу тетігін енгізу;
- 4) мемлекет тұтынатын кірістің ең аз көлемі бір (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің белгілі бір көлеміне) кепілдік беруге, салықтық преференциялар мен кедендік жеңілдіктер беруге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын дамыту;
- 5) тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен тәсілдерін қайта қарау;

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мемлекеттік меншіктің сенімгерлік басқаруға және жалға беру жөніндегі мемлекеттік меншікті сенімгерлік басқаруға және жалға беру бойынша шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, МЖӘ белгілері халақаралық практика негізінде шарттық өзара қатынастары айқындалған.

Бұл шарттық қатынастарда жеке меншік әріптесті таңдау жөніндегі конкурстық рәсімдерді өткізу, тәуекелдерді жеке меншік тарап мемлекет пен арасында бөлу бойынша ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау міндеттілігінің болмауына байланысты оларды толығымен МЖӘ келісімшарттарына жатқызуға болмайды.

Осыған байланысты мәмілелерді ҚР азаматтық заңнамасының шеңберінде МЖӘ

тетігі бойынша мәмілелер ретінде тану үшін жобаны жоспарлау үдерісін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге белгілі бір түзетулер енгізу, МЖӘ-мен келісімшарт жасасуға конкурс өткізу және жобалардың іске асырылу барысын басқару талап етіледі .

Көрсетілген шараларды пысықтау МЖӘ тетіктерін қолдану салаларын кеңейтуге мүмкіндік береді .

4. Шетелдік практикада жеке қаржылық бастама (бұдан әрі – ЖҚБ) моделі көп қолданылады. ЖҚБ – бұл жеке сектор қаржыландыратын мемлекеттік қызметтер мен жұмыс келісімшарттары, бірақ қызметтерге тұтынушылар емес, мемлекет ақы төлейді (мысалы, қоғамдық жарықтандыру бойынша жобаларда, ауруханалар мен мектептерде мемлекет ұзақ мерзімді келісімшарт жасаса отырып, мемлекеттік кепілдік берілген тапсырысты орналастырады және көрсетілетін қызмет сапасына қарай объектіні ұстауға арналған шығындарды төлейді). Бұл ретте меншік және күтіп ұстау құқығы жеке меншік тарапта қалады. Келісімшарт мерзімнің соңында мемлекет келісімшартты ұзарт алады .

Осыған байланысты концессия мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамада осы келісімшарт түрін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

5. Қазіргі бюджеттік инвестицияларды жоспарлау практикасы бюджет шығыстарын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері негізінде бюджеттік инвестиция түрлері бойынша көздейді. Яғни, іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жобаларды іске асырудың оңтайлы схемасын айқындау бойынша алдын ала талдауды көздемейді .

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасының шеңберінде оларды іске асыру схемаларын айқындау бойынша, оның ішінде МЖӘ тетігі бойынша инвестициялық ұсыныстарға алдын ала талдау жүргізудің міндеттілігі бөлігіндегі мәселені пысықтауды көздеу қажет .

Бұл тәсіл бір жағынан бюджетті жоспарлаудың тиімділігін арттыруға және инвестициялық жобаларды іске асырудың балама тәсілдерін мемлекеттік органдардың түсінуінің және қарау қажеттілігінің дәрежесін арттыруға мүмкіндік береді.

6. Халықаралық практикада инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде МЖӘ-нің институционалдық нысаны қолданылады. МЖӘ-нің институционалдық нысаны – бұл мемлекеттік және жеке қатысушылардың арасындағы бірлескен кәсіпорындардың барлық түрлері, сондай-ақ қаржыландыру мен жобаларды сапалы басқарушыларды тарту үшін жеке компаниядағы мемлекеттік компаниялардың үлесін с а т у .

Қазақстанда көрсетілген заңдық ұйымдарды құру үшін заңнамалық база бар, бірақ МЖӘ нысанында ынтымақтастық орнату үшін жеке меншік әріптесті таңдау конкурсын, жоба бойынша белгілі бір міндеттерге қол жеткізуді белгілеуді, тәуекелдерді бөлуді және тағы басқаларды көздейтін белгілі бір заңнамалық рәсімдерді

әзірлеу мүмкіндігін қарастыру қажет.

7. Инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған құрал ретіндегі МЖӘ әлі даму сатысында тұрғанын ескеретін болсақ, мемлекеттік қызметшілер мен жеке меншік сектор өкілдерінің біліктілігін арттыру жөніндегі мәселені пысықтау қажет.

Осыған байланысты оқу орындарында МЖӘ саласында семинарлар, тренингтер өткізу жолымен мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мүмкінгін қарастыру қажет.

8. МЖӘ жобаларының инвестициялық тартымдылығын арттыру және МЖӘ тетігі бойынша ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде мемлекеттің жауапкершілігін арттыру мақсатында (қолжетімділік үшін төлем) кірістердің аз көлемінің кепілі түрінде бюджеттен төленуге айқындалған қаражаттың пайда болуы мен жеке сектордың алуы арасында уақытша лагтың пайда болу тәуекелін төмендету үшін «резервтік шотты» бөлу жолымен немесе «ағымдағы шығыстар» бабының шеңберінде жұмыстардың бюджеттік жоспарлау мәселесін пысықтау қажет.

9. Концессия тетігін пайдалана отырып, ірі ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік беретін қаржылық қамтамасыз етуін талап етілуі мүмкін.

МЖӘ тетігін пайдалана отырып, нақты бір жобаны іске асыру үшін жобаның демеушісі (-лері) құратын арнайы қаржы компаниясы (бұдан әрі – АҚК) концессионер ретінде әрекет етуі мүмкін жобалық қаржыландыру құралын пайдаланудың халықаралық оң тәжірибесі осы мәселенің шешімі болуы мүмкін.

Өзінің икемділігі тұрғысынан осы нысан экономиканың тұрақсыздығы жағдайында қаржы тартудың тиімді құралы болып табылады.

Жобалық қаржыландыру құралының ерекшелігі жобаның ағымдағы және келешектегі ақша ағынын тұрақты жинақтау қабілетін бағалау болып табылады, атап айтқанда, осы ағындар қызмет көрсету мен борышты қайтару және жобаға инвестицияланған капиталға кірісті төлеу үшін қаражат көзіне айналады.

«Секьюритилендіру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңымен объектіні пайдалану сатысында келешектегі немесе қолданыстағы талап ету құқықтарын сатып алу мәселесі реттелген, яғни пайдалану кезеңінде МЖӘ жобаларын іске асыру кезінде концессионердің бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигациялар шығару жолымен талап ету құқықтарын қайта беру арқылы қаражат тарту немесе басқаша айтқанда, секьюритилену мүмкіндігі бар.

Секьюритилендіру туралы заңнамаға сәйкес талап ету құқығы – осы тетікті тек қана пайдалану кезеңінде ғана пайдалану мүмкіндігін растай отырып, ұйымдастырушының қызметтің негізгі түрін жүзеге асыруы үдерісінде туындайтын ақшалай талаптар деп айқындалған.

Жобалық қаржыландыру құралын дамытуға жағдай жасау үшін МЖӘ тетігін пайдалана отырып жобаларды іске асыру үшін ерекше заңдық мәртебесі бар АҚК құру

мүмкіндігін

көздеу

қажет.

МЖӘ тетігін пайдалана отырып іске асырылатын жобаларда мемлекет келісімшарттар бойынша мемлекеттік меншік объектілерін берудің қажетті параметрлері мен стандарттарын бекітуі, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мүмкіндігін, тетіктері мен көлемдерін айқындауы және концессия объектісі мен көрсетілетін қызметтер сапасының жай-күйін бақылау функцияларын өзінде сақтап қалуы қажет.

Жеке секторға жобаны іске асыру шеңберінде ұсынылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің сапасын қамтамасыз ететін келісімшарттардың талаптарын сақтау жөніндегі міндеттемелер жүктелуі тиіс.

Жобалық қаржыландыруды пайдалануды заңнамалық реттеу жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға ықпал ететін болады, ол кезде:

1) тартылған қаражатқа қызмет көрсету және оның қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін негіз болатын жобаны іске асырудан түскен болашақ ақша ағындары бойынша талап ету құқығын беру жүзеге асырылады;

2) жобалық борышты тарту және қызмет көрсету үшін жаңа заң бойынша ерекшеленген әлеуметтік қаржылық компания құрылатын жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыруға негіз болады.

Бұдан басқа ол мынаған:

3) тәуекелдерді төмендетуге, кредиторлар құқығын қорғауға және күшейтуге;

4) жобаны іске асыру кезінде және соның нәтижесінде жобаның тартымдылығы артқан кезде заңнамалық белгісіздіктерді азайтуға бағытталады.

Жобалық қаржыландыру мәселесін заңнамалық тұрғыдан реттелгеннен кейін күтілетін әлеуметтік-экономикалық тиімділік:

5) қазақстандық тарап тәуекелдерін төмендету есебінен тікелей және портфельді шетелдік инвестицияларды тарту инвестициялық ахуалды және қазақстандық қарыз алушылар үшін сыртқы қарыз алу әлеуетін жақсартады;

6) жобаларды іске асыру мемлекеттік кепілдік беруді көздемейді және мемлекет борышының өсуіне әкеп соқпайды, өйткені жобаларды қаржыландыру болашақта жобаның өзінен түсетін ақша ағындарынан жүзеге асырылады;

7) қаржы секторын дамытуға және тәуекелді төмендету есебінен инфрақұрылымдық және капиталды қажет ететін өзге де жобаларға инвестициялайтын қаржы институттарына жаңа мүмкіндіктер беруге ықпал етеді.

3.4. Қазіргі нормативтік құқықтық базаның сипаттамасын қоса алғанда, МЖӘ-ні дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын, МЖӘ-ні дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы практика мен іс-шаралар нәтижелерін талдау

Қазіргі уақытта Қазақстанда концессия тетігін қолдана отырып, МЖӘ жобаларын іске асыру практикасы бар.

Концессия азаматтық-құқықтық қатынастар саласы болып табылады және МЖӘ-нің операциялық аспектілерін, яғни, концедент пен концессионер арасындағы мүліктік қатынастарды реттейді.

Мемлекет пен концессионер арасындағы мүліктік қатынастар «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңымен (бұдан әрі – Концессиялар туралы заң) реттеледі.

Концессиялар туралы заңға сәйкес концессия объектісі мемлекеттік меншіктегі қолданыстағы объект немесе болашақта концессия шартының талаптарын орындау нәтижесінде құрылатын объект болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстанда қолданылатын МЖӘ моделі – ВТО (салу (қайта жаңарту) – беру – пайдалану).

Концессиялар туралы заңға сәйкес концессионерге тиісті концессия шарттарында белгіленген талаптарда мемлекеттік меншік объектісін уақытша иелену және пайдалану құқығы беріледі, бұл ретте оған объектіге билік ету құқығы берілмейді.

Бұдан басқа, Концессиялар туралы заңға сәйкес концессионер қызметін қолдау мақсатында мемлекеттік қолдау шараларының бірі не бірнешеуі ұсынылуы мүмкін.

Концессия мәселелері жөніндегі заңнама шеңберінде концессиялық жобаларды жоспарлау мен іске асыруды құқықтық реттеуге әсер ететін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қолданылады, оның ішінде мыналар әзірленді және бекітілді:

1) Концессиялық жобаларды ұсынуды, қарауды және іріктеуді ұйымдастыру тәртібін ақындайтын қағида;

2) Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу тәртібін ақындайтын қағида;

3) Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін концессиялық жобаның, инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптар;

4) Концессиялық ұсыныстарды, конкурстық құжаттамаларды, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді және концессия шарттарының жобаларын сараптауға қойылатын талаптар;

5) Концессия объектісінің, концессиялық жобаның құнын және концессионер қызметін мемлекеттік қолдаудың жиынтық құнын айқындау әдістемесі;

6) Бюджеттен қаржыландыру жағдайында концессиялық жобаларды мониторингілеу мен бағалау тәртібін айқындайтын қағида.

Реттелетін қызмет түрлеріне тарифтер «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде белгіленеді.

Жалпы, концессия мәселелері жөніндегі заңнама шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын, концессионер қызметіне тарифтер қалыптастыру әдістерін дамыту, мемлекеттік меншіктің қазіргі объектілерін концессияға беру жөніндегі концессия

үлгілерін дамыту, концессияға беруге жатпайтын объектілер тізбесін қайта қарау, сондай-ақ концессияның жаңа модельдерін енгізу жолымен концессияны пайдалану саласын кеңейту мәселелерін пысықтау қажет.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында сенімгерлік басқаруға арналған шарт түрінде шарттық қатынастардың нысандары көзделеді, оның «басқару және ұстау» келісімшартының түрінде МЖӘ белгісі бар.

МЖӘ негізіндегі ынтымақтастық міндетті түрде өзіне мемлекеттік мүлікті беру шартын, тәуекелдерді бөлу тәртібін, тараптардың инвестициялық міндеттемелері мен жеке секторға сыйақыны қамтуы тиіс тараптардың құқықтар мен міндеттерін өзара тиімді бөлісуді қамтиды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес сенімгерлік басқарушыны айқындау бойынша тендер (конкурс) өткізу міндетті болып табылмайды, республикалық және коммуналдық меншіктегі мемлекеттік мүлікті беру тәртібінің бірыңғай тәсілі жоқ.

МЖӘ тетігі пайдаланылған және басқару мен ұстауға арналған келісімшарт жасалған жағдайда мемлекеттік мүлікті басқаруға жеке компанияны таңдау жөнінде конкурс өткізу міндетті болып табылады.

Бұдан басқа:

1) қолданыстағы заңнамада сенімгерлік басқару объектісі басқару мен ұстау келісімшарты бойынша объектіден кең, оның шеңберінде тек мемлекеттік меншікке тиесілі жылжымайтын мүлік беріледі;

2) шарттағы тараптар арасында айырмашылықтар бар, сенімгерлік басқару жағдайында сеніп тапсырылған мүліктің құрылтайшысы, сенімді басқарушы, пайдалушы, сондай-ақ үшінші тұлғалар тараптар ретінде әрекет етеді. Бұдан басқа азаматтық заңнама мемлекет қатысатын бір кәсіпорынды екінші мемлекет қатысатын кәсіпорындарға сенімгерлік басқаруға беруге мүмкіндік береді.

Ал басқаруға және ұстауға арналған келісімшарт бойынша жеке сектор тарапынан, жобаға біліктілікті және жаңа технологиялардың енгізуге дайын тәжірибесі бар заңды тұлғалар ғана қатыса алады;

3) объектіні беру мақсаттары мен шарттары әрқилы. Сенімгерлік басқару шеңберінде объект басқарушының объектіге инвестицияларды жүзеге асыру міндеттемесімен бірге сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз, кепілге салу және үшінші тұлғаларға қайта сенім білдіру құқығымен беріледі.

Осыған байланысты заңнаманың тұрақтылығы қағидатын сақтау үшін мемлекет меншігі болып табылатын жылжымайтын мүлікті мемлекет қатыспайтын заңды тұлға болып табылатын жеке компанияның басқаруына және ұстауына беру тәртібін айқындайтын бірыңғай нормативтік құқықтық акт қажет.

Басқару және ұстау келісімшарты қолданылған жағдайда мемлекет жұмыстың жалпы нормаларын, тарифтік саясатты әзірлей отырып, бұл ретте білікті кадрлар, объектіні басқарудағы, және ноу-хау түрінде жеке сектордың ресурстарын тарта

отырып, экономиканың әлеуметтік маңызды секторларындағы бақылау функцияларын өзінде қалдырады.

3.5. Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімдеуге болатын шетелдік оң тәжірибеге, сондай-ақ маркетингтік зерттеулер жүргізу нәтижелеріне шолу

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде экономиканың дамуы мемлекет пен жеке сектордың күш-жігерін инфрақұрылымды құрудың, басқарудың және реттеудің жаңа нысандары мен әдістерін табуға шоғырландырумен сипатталады.

Халықаралық практикада МЖӘ тетіктерін белсенді пайдаланған кезде бірыңғай МЖӘ анықтамасы және оның түрлерінің жалпы қабылданған жіктемесі жоқ, әр ел МЖӘ ұғымы мен оның түрлерін дербес және тәуелсіз түрде айқындайды.

Мысалы, Еуропа Одағы (бұдан әрі – ЕО) «Мемлекеттік жеке меншік әріптестік және ЕО-ның мемлекеттік келісімшарттар мен концессиялар туралы заңнамасы туралы» Жасыл кітапқа (Green Paper) сәйкес МЖӘ-ні мемлекеттік органдар мен бизнес арасындағы инфрақұрылымды қаржыландыруды, салуды, оңалтуды, басқаруды немесе ұстауды, сондай-ақ қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге арналған ынтымақтастық нысаны ретінде айқындайды.

Бұдан басқа, ЕО МЖӘ-ні сипаттайтын мынадай негізгі элементтерді бөліп көрсетеді:

- 1) мемлекеттік және жеке сектор арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық;
- 2) мемлекет тарапынан қоса қаржыландыру мүмкіндігі;
- 3) мемлекет қызметтер көрсету сапасының өлшемдерін белгілеуі, баға саясаты мен осы параметрлердің сақталуын бақылауды айқындауы тиіс;
- 4) тәуекелдерді әріптестер арасында бөлу.

Италияның заңнамасына сәйкес қолданылу саласы жобалау, салу, басқару немесе қоғамдық маңызы бар жұмыстарға немесе коммуналдық қызметтерге қызмет көрсету немесе жеке инвесторлар тарапынан толық немесе ішінара қаржыландыруды да қамтитын белгілі бір қызмет көрсету сияқты қызметтің бір немесе бірнеше түрлерін қамтитын МЖӘ шарттары болып табылады.

Францияның заңнамасына сәйкес МЖӘ шарттары әкімшілік шарттар болып табылады, оларға сәйкес мемлекеттік заңды тұлға жеке меншік ұйымға қоғамдық маңызы бар қызметтер көрсету үшін қажет құрылысты қаржыландыруды орындауды; осындай құрылыс мақсаттары үшін жобалауды немесе конверсиялауды; осындай құрылысқа қызмет көрсетуді және оны басқаруды тапсырады.

Жапонияда МЖӘ-нің жеке қаржыландыруды, басқарушылық қабілет пен техникалық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы мемлекеттік объектілерге қатысты шаралар қабылдау жолымен халыққа қол жетімді және сапалы қызметтерді кепілді ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді жақсарту ретіндегі түрлерінің бірі

болып табылатын жеке қаржылық бастамаға анықтама беріледі.

Сондай-ақ халықаралық ұйымдардың да анықтамаларын келтіруге болады, мысалы Standard & Poor,s агенттігі МЖӘ-ні шеңберінде бірнеше секторлардың тәжірибесі мен сараптамасын біріктіру және қаржылық тәуекелдер мен пайданы бөлу негізінде қоғамдық міндеттерді шешу жүргізілетін қоғамдық және жеке сектор арасындағы орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді ынтымақтастық деп айқындайды.

Егер Еуропа Қайта құру және Даму банкіне (ЕҚДБ) жүгінетін болсақ, ЕҚДБ МЖӘ-ні мемлекет мүддесі үшін немесе мемлекет атынан мемлекетке қызметтер ұсыну үшін жеке меншік сектормен ұзақ мерзімді келісімшарт деп түсінеді.

Осылайша, МЖӘ мәні мынаған сайып келеді.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – құқықтар мен міндеттемелерді, тәуекелдерді, шығындар мен пайданы теңгерімді бөлу жағдайларында мемлекет жауапкершілігінің дәстүрлі саласындағы тиісті шарттарда айқындалатын нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған мемлекет пен жеке меншік субъектілерінің өзара қатынасының жүйесі.

Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке меншік секторлар ынтымақтастығының іс жүзінде тәуекел мен жауапкершіліктің барлығы тараптардың біріне ғана жүктелетін нысандарын әріптестікке жатқызуға болмайды. Мемлекеттік сектор тәуекелдерді толық жабатын қызмет көрсетуге арналған келісімшарттар, сондай-ақ тәуекелдерді жеке сектор толық жабатын жекешелендіру ынтымақтастықтың осындай нысандарына ж а т қ ы з ы л а д ы .

Халықаралық тәжірибе негізінде МЖӘ жобаларының тиімді іске асырылуының мынадай факторларын бөліп көрсетуге болады:

мемлекет үшін инфрақұрылым объектілерін салу емес, қызметтердің көлемі мен сапасы б а с ы м б о л ы п т а б ы л а д ы ;

жеке сектордың инфрақұрылымды жобалау, салу, пайдалану саласындағы біліктілігі мен тәжірибесі көлемі мен сапасын мемлекет айқындайтын қызметтерді көрсету ү ш і н п а й д а л а н ы л а д ы .

жеке сектор шығындарын өтеу оның жұмыс сапасына байланысты.

Халықаралық практикада негізінен МЖӘ-нің институционалдық және келісімшарттық екі нысаны бөлінеді.

Жасыл кітапқа сәйкес ЕО келісімшарттық МЖӘ жоба қатысушылары арасындағы келісімшарттық қатынастарға ғана негізделетін әріптестікке жатады. Институционалдық МЖӘ мақсаты жұмыстар мен қызметтерді мемлекет пайдасына орындау болып табылатын мемлекет пен жеке әріптестің қатысуымен бірлескен к ә с і п о р ы н құруды к ө з д е й д і .

Мемлекеттік және жеке сектор арасындағы әріптестікті екі жағдайда институционалдық МЖӘ-ға жатқызуға болады:

Мемлекеттік және жеке секторлардың жана бірлескен кәсіпорнын құру;

1. Бұл жағдайда мемлекет пен жеке сектордың бірлескен компания құруы кезінде

мемлекеттік келісімшарттар мен концессиялар туралы заң нормалары қолданылмайды, бірақ мұндай кәсіпорын шеңберіндегі қызмет МЖӘ нормалары мен қағидаттарына сәйкес болуы тиіс.

ЕО-ның кейбір елдерінің заңнамасы мемлекеттік келісімшарттар немесе концессиялар тағайындау үшін аралас капиталмен әрекет ететін компанияларды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте басшылықта бұл тәсіл бәсекеге қабілеттілік пен транспаренттілікті сақтау талаптарына жауап бермейді деп атап көрсетіледі.

2. Мемлекеттік міндеттемелердің бір бөлігін жеке компанияға беру (ішінара жекешелендіруді қоса алғанда)

Бұл ретте, кейіннен МЖӘ-нің негізі қағидаттарының негізінде көрсетілетін шарт жасасу арқылы конкурстық негізге негізделген жеке секторға компания үлесін сату МЖӘ-нің институционалдық белгілеріне сәйкес болады.

ЕО-ның әр түрлі елдерінде әр түрлі тәсілдер бар, бірақ жеке капиталдың мемлекеттік компанияға қатысу үлесі нақты мемлекет пен әрбір елдің заңнамасының басымдықтарын негізге ала отырып, компанияның стратегиялық маңыздылығының деңгейі негізінде айқындалады.

МЖӘ-нің келісімшарттық басқа нысанының өз кезегінде құрылымданған схемасында көрсетуге болатын, бірақ деректермен ғана шектелмейтін көптеген түрлері мен кіші түрлері бар (1-схема).

1-схема. МЖӘ келісімшарттарының құрылымданған схемасы

Басқару, жалға алу, ұстау
<p>1. «Пайдалану және басқару келісімшарты» (O&M – Operation and Managament Contract) жеке кәсіпорын келісімшарттың талаптарына сәйкес белгілі бір уақыт кезеңінде мемлекеттік секторға тиесілі мүлікті пайдаланады. Мүлікке меншік құқығы мемлекетте сақталады.</p> <p>2. «Басқару және жалға алу келісімшарттары» (Managament and Lease Contract)</p> <p>1) «Басқару келісімшарты» (MC – Managament Contract) – мемлекет жеке меншік компанияның басқару жөніндегі шығындарын төлейді, пайдалану тәуекелдеріне мемлекет жауапты болады.</p> <p>2) «Жалға алу келісімшарты» (LC – Lease Contract) – мемлекет өз мүлкін (инфрақұрылымдық объектілер) меншікті жеке меншік тарапқа беру құқығынсыз жеке меншік секторға қайтарымды негізде жалға береді; пайдалану тәуекелдерін жеке меншік компания өз мойнына алады.</p>
Салу (қайта жанарту)
<p>Объектіні беру құқығымен:</p> <p>1) «салу-иелену-пайдалану-беру» (BOOT): Жеке меншік сектор құрылымы аяқталған соң меншік құқығы мемлекетке қайтарылатын белгілі бір кезеңге құрылысты қаржыландыруға, қалыптастыруға, салуға және пайдалануға (сондай-ақ пайдаланғаны үшін төлем алу) франшиза алады;</p> <p>2) «салу-жалдау-иелену-беру» (BROT): Жеке сектор жобаны әзірлейді, объектіні салады, оны пайдаланады және одан кейін келісімшарттың мерзімі аяқталғанда оны мемлекетке қайтарады;</p> <p>3) «салу-жалдау-пайдалану-беру» (BLOT): Жеке сектор мемлекетке ренталық төлем енгізе отырып, жалға алу кезеңіне құрылысты қаржыландыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға (сондай-ақ пайдаланғаны үшін төлем алу) франшиза алады;</p> <p>4) «салу-беру-пайдалану» (BTO): Жеке сектор салады, объектіні мемлекетке береді, нәтижесінде объектіні пайдалану және оны пайдалану үшін төлемақы алу құқығын алады;</p> <p>5) «салу-пайдалану-беру» (BOT): Жеке сектор ұзақ мерзімді концессиялық келісім негізінде жаңа құрылысты жобалайды,</p>

қаржыландырады және салады әрі осы келісімнің әрекет ету кезеңінде оны пайдаланады. Келісімнің әрекет ету мерзімі аяқталған соң меншік құқығы, егер ол жобаның аяқталу себебі бойынша берілмесе, мемлекеттік секторға қайтарылады. Іс жүзінде осындай нысан объектінің меншік нысаны бойынша жалғыз ерекшелікпен BOOT және BLOT үлгілерін қамтиды; 6) «қайта жаңарту-пайдалану-беру» (ROT) жеке инвестор әрекет етуші объектіні қалпына келтіреді (қайта жаңартады), одан кейін белгілеген шарттық мерзім ішінде онымен байланысты тәуекелдерді өзіне ала отырып, оны пайдалануды жүзеге асырады, одан кейін мемлекетке қайтарады; 7) «салу-қалпына келтіру (қайта жаңарту)-пайдалану-беру» (BROT) жеке компания жаңа инфрақұрылымдық объектіні жаңадан салуды (қайта жаңартуды) жүзеге асырады, одан кейін келісімшарттың әрекет ету кезеңі ішінде онымен байланысты тәуекелдерді өзіне ала отырып, пайдаланады, одан кейін оны мемлекетке қайтарады.

Б е р у к ұ қ ы ғ ы н с ы з

8) «салу (иелену)-пайдалану» (BOO) Мүлік жаңғыртуды өтуге және белгілі бір уақыт кезеңінде пайдаланылуға тиіс келісімшарт негізінде мемлекеттік мүлікті жеке және квазимемлекеттік құрылымға беру. Мемлекеттік бақылау мүлікті беру жөніндегі келісімшарттың әрекет ету мерзімі кезеңінде жүзеге асырылады; 9) «құрылыс-жаңғырту-пайдалану» (BDO) Жеке сектор жобаны әзірлейді, қаржыландырады, объектіні салады және пайдаланады, объектіні мемлекетке беру мерзімі жөніндегі міндеттемелерсіз иелену құқығында басқарады; 10) «жобалау-салу-қаржыландыру-пайдалану» (DBFO) жеке сектор жаңа құрылысты жобалайды, қаржыландырады, салады және пайдаланады. Жеке сектор жаңа құрылысты мемлекетке ұзақ мерзімді жалға алу мерзімі аяқталған соң б е р е д і ;

11) «сатып алу- салу -пайдалану» (BBO) Мүлік жаңғыртылған және белгілі бір уақыт кезеңінде пайдаланылуға тиіс келісімшарт негізінде мемлекеттік мүлікті жеке және квазимемлекеттік құрылымға беру. Мемлекеттік бақылау мүлікті беру туралы келісімшарттың қолданылу мерзімінде жүзеге асырылады;

12) «жобалау-салу» (DB) жеке сектор тіркелген құн дереу пайдалануға арналған құрылыс келісімшарты негізінде инфрақұрылым объектілерін жобалайды және салады. Осылайша, артық шығын тәуекелі жеке секторға беріледі. (Көпшілік DB моделін МЖӘ шеңберінде қарастырмайды және мұндай қатынастарды мемлекеттік тапсырысты орындауға арналған келісімшарттар деп атайды)

Әр түрлі елдерде МЖӘ келісімшарттарын қолдану тәжірибесі төмендегідей:

Ұ л ы б р и т а н и я

Дәстүр бойынша Ұлыбританиядағы МЖӘ-нің кең тараған нысаны жеке инвестицияларды мемлекеттік инфрақұрылымға ұсыну үдерісімен негізделетін жеке қаржылық бастама (Private Finance Initiative PFI) болып табылады.

ЖҚБ-ның кең тараған нысандарының бірі мемлекеттік сектордың менеджерлері және оның министрліктері белгілейтін ерекшеліктер негізінде объектіні жеке сектор жобалайтын, салатын, қаржыландыратын және пайдаланатын нысан болып табылады.

ЖҚБ шеңберінде мемлекеттік сектор аурухана немесе мектеп сияқты активтерді иеленбейді, дегенмен келісімшарттың әрекет ету мерзімі ішінде объектілерді пайдаланғаны үшін жеке мердігердің пайдасына бірқатар келісілген төлемдерді жүргізеді. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі аяқталған соң активтерге меншік құқығы не жеке мердігерде қалады не бастапқы келісімшарт талаптарына байланысты мемлекеттік секторға қайтарылады.

ЖҚБ Ұлыбританияда мемлекеттік шығыстардың белгілі бір деңгейінде күрделі құрылыстың көлемін арттыруға және қарқынын жылдамдатуға ықпал етті. Халықаралық қаржылық қызметтер қауымдастығының зерттеуіне сәйкес, Ұлыбританияда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік өзге дамыған елдерге қарағанда неғұрлым кең дамыған.

1-кесте. Секторлар бойынша қол қойылған жобалар, млн.фунт стерлинг

Салалар	2003	2004	2005	2006	2007	2008	1987-2008 жиынтық	1987-2008 % үлес
көлік	442	457	403	292	497	---	16605	25,2
денсаулық сақтау	707	2681	992	3020	1911	587	14435	21,9
білім беру	373	575	1146	2434	2415	2076	11344	17,2
қорғаныс	775	121	600	1800	1000	3291	9312	14,1
тұрғын үй	332	718	443	1455	616	14	6430	9,8
телекоммуникация және АТ	60	25	540	---	490	---	2672	4,1
сумен қамтамасыз ету және кәріз	343	300	---	575	314	98	2635	4,0
басқа жобалар	429	369	136	31	75	477	2505	3,8
Жиыны	3461	5245	4261	9607	7318	6543	65938	100,0

Дереккөз: Мемлекеттік-жеке меншік қаржыландыру институты

Оңтүстік Корея

Соңғы он жылда мемлекеттік жүйелі қолдау және МЖӘ бағдарламаларын жандандыруға бағытталған басқару саясатының негізінде Оңтүстік Кореядағы МЖӘ нарығы өсіп, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік беретін капитал тартудың жаңа тәсілі ретіндегі өз позициясын нығайтып, тұрақты және жоғары табысты қаржы нарығына айналды. Жеке сектордың мүддесі МЖӘ дамыту жөніндегі жалпы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде МЖӘ арқылы қаржыландыруды жандандыру жөніндегі мемлекеттік саясатта ескеріледі.

МЖӘ туралы заңға сәйкес экономиканың 15 саласындағы инфрақұрылым объектілерінің 48 түрі МЖӘ жобаларына тартылуы мүмкін. МЖӘ туралы заңда МЖӘ үшін жобаларды іріктеу өлшемдерін нақты анықтай отырып, мемлекет мемлекеттік сектордағы қоғамдық мұқтаждық үшін қосымша инвестицияларды ерекше қажет ететін салаларға жеке капитал тартпақ.

Оңтүстік Кореяда МЖӘ келісімшарттары негізінен жоба құрылымына байланысты «салу-беру-пайдалану» және «салу-беру-жалға алу» болып бөлінеді.

Айталық, салу-беру-пайдалану (лизинг) (BTL) келісімшарты шеңберінде жеке сектор инфрақұрылымдық құрылыстарды жобалайтын, салатын және пайдаланатын, ал мемлекеттік сектор үйді немесе машинаны жалға алғаны немесе кеңселерді жалға алғаны үшін төленетін төлемдерге ұқсас қызметтерге айырбастап төлемдер жүргізетін жеке инвестиция тарту тәсілі.

Жеке компания өзінің меншікті қорларын инфрақұрылымдық құрылыстарды салу үшін пайдаланады және оларды мемлекет иелігіне береді. Мемлекет өз кезегінде компанияға «құрылыстарды басқару және пайдалану жөніндегі құқықтарды» береді. Алайда, мемлекет компания көрсететін қызметтер үшін бұл төлемдерді жүзеге асырады

компанияға өзінің инвестициялық және пайдалану шығыстарын қайтаруға мүмкіндік б е р е д і .


Мемлекет «салу-беру-жалға алу» келісімшартын мектептер, казармалар, кәріз құбырлары, кітапханалар және мәдени/тұрмыстық құрылыстар сияқты әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы үшін пайдаланады. Тұтынушылардан төлемдерді өндіріп алу қиынға соғатын темір жол жобалары бойынша ірі ауқымды инвестициялық темір жол жобаларында да салу-беру-жалға алу келісімшарты пайдаланылады.

Осылайша, бұл келісімшарт жеке секторға жоғарыда анықталған деңгейден жоғары төлемдерді өндіріп алу қиынға соғатын жобаларда пайдаланылады, жеке сектордың инвестицияларын қайтару 10 жылдан 30 жылға дейін созылуы мүмкін пайдалану кезеңі ішінде үкіметтік төлемдермен жүзеге асырылады.

Салу-беру-пайдалану келісімшарттарына сәйкес ВТО жеке сектор инфрақұрылым объектілерін салады, құрылысы аяқталған соң оны мемлекет иелігіне береді және өз инвестицияларын төлемдер жинау арқылы қайтару үшін объектіні пайдаланады.

Бұл келісімшарт автожол, темір жол, айлақтар, су тазарту және жүк терминалдары кешенін салу үшін пайдаланылады. 2008 жылдың бірінші жартысында ВТО схемасы бойынша 62 триллион вон сомасына 190-нан астам жоба орналастырылады.

2-схемада «салу-беру-лизинг» және «салу-беру-пайдалану» келісімшарттарының құрылымы көрсетілген.



2-кестеде ВТО және ВТЛ келісімшарттарының сипаттамалары ұсынылған.

ВТЛ келісімшарты		ВТО келісімшарты

Мемлекет концессия кезеңі ішінде құрылыс, рентабельді нормамен пайдалану шығыстарын жабатын төлемдерді жүзеге асырады.	Инвестицияларды қайтару	Концессионер инвестициялық және пайдалану шығындарын өтеу үшін пайдаланушылардан төлемдер жинайды.
Мектептер, казармалар, кәріз құбыры, мәдени және тұрмыстық тазарту	Объект түрлері	Автожолдар, темір жол, айлақтар, табиғат қорғау объектілері және т.б.
Төмен тәуекел және төмен қайтарымдылық	Жобалық тәуекел және қайтару	Жоғары тәуекел және салыстырмалы жоғары табыс (сұраныстың жоғары тәуекелі)

Сондай-ақ Оңтүстік Кореяда «салу-пайдалану-беру» және «салу-иелену-пайдалану» келісімшарттары пайдаланылады. Оңтүстік Кореяда МЖӘ жобалары жобаға кім бастамашылық ететіндігіне байланысты «сұралатын» және «сұралмайтын» санаттарға бөлінеді. Уәкілетті орган, басқарудың орталық немесе жергілікті органдары МЖӘ-нің әлеуетті жобаларын анықтайды және жеке сектордан ұсыныс беру үшін өтінімдер сұратады. «Сұралмайтын» жоба жағдайында жеке сектор МЖӘ үшін әлеуетті жобаны анықтайды және уәкілетті органнан одан әрі нұсқау сұрайды. Концессионер конкурс нәтижесі бойынша анықталады, алайда алғашқы өтінім беруші өтінімді бағалау үдерісінде қосымша ұпай алуы мүмкін.

Жалпы инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде концессиялық тетікті пайдалану қазіргі кезде әлемнің 120 елінде пайдаланылады. Дүниежүзілік банк деректері бойынша дамушы елдерде және өтпелі экономикасы бар елдерде мемлекетпен жасалған келісімшарттардың 66%-дан астамы концессияға, негізінен көлік саласына тиесілі.

Концессиядан басқа, МЖӘ-нің басқа нысандарын, мысалы, мемлекеттің өз меншігін: ғимараттарды, құрылыстарды, өндірістік жабдықты жеке бизнеске жалға беруіне байланысты туындайтын жалға беру (лизингтік) қатынастарды пайдалануды жандандыру жүргізілуде. Осындай келісімшарттарға сәйкес жеке компаниялар мемлекеттік мүлікті пайдаланғаны үшін төлемақы ретінде тиісті деңгейдегі бюджетке «жалға беру төлемін» енгізеді.

Осылайша, Дүниежүзілік банктің (бұдан әрі – ДБ) сыныптамасына сәйкес жеке капиталдың қатысу дәрежесіне, сондай-ақ жеке секторға жүктелетін тәуекел дәрежесіне байланысты мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимылының бес моделі бар (3-схема).

3-схема



Бұл сыныптамаға сәйкес, егер барлық тәуекел мен жауапкершілік бір тарапқа жүктелсе, мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымастық МЖӘ болып қарастырылмайды. Мәселен, тәуекелдерді іс жүзінде мемлекеттік сектор толық жабатын қызметтердің сервистік келісімшарттары немесе сатып алуы немесе тәуекелдерді жеке сектор толық жабатын жекешелендіруге арналған келісімшарттар М Ж Ә - г е ж а т п а й д ы .

Өз кезегінде ДБ әдіснамасы бойынша егер жеке компания пайдалану шығыстарымен және тиісті тәуекелдермен бірге пайдалану тәуекелдерінің бір бөлігін өзіне алса ғана инвестициялық жобаны МЖӘ жобасы ретінде қарауға болады. Әрі бұл жеке компанияның мемлекеттік инфрақұрылымдық объектіні дара немесе объектіні ұстаушы-компанияның акциялар пакетін иелену арқылы мемлекеттік органмен бірге немесе басқа тәсілмен пайдалану-пайдаланбауына байланысты болмайды. Мысалы, бірінші қарастырылатын топ модельдерінде («басқару және жалдау келісімшарттары») жеке компанияның пайдалану тәуекелдерінің бір бөлігін беру әдетте келісімшарттық міндеттемелер тетігі арқылы жүзеге асырылады. Үшінші және төртінші тобы келісімшарт бойынша міндеттемелер (тәуекелдер) модельдерінде жеке инвестордың инфрақұрылымдық объектінің баланс ұстаушы компаниясының акциялар пакетін алуы арқылы беру тәсілі пайдаланылады.

Жеке меншік қатысатын инвестициялық жобалардың көпшілігін жоғарыда қарастырылған МЖӘ модельдері топтарының бір тобына жатқызуға болатынын атап көрсету керек. Алайда, ДБ әдіснамасына сәйкес бұл топтардың, тиісінше МЖӘ модельдерінің арасындағы шекара әрдайым айқын емес және кейбір жобалар МЖӘ-нің бір моделінің аясынан шығып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда жоба жеке сектордың тәуекелдерін жақсырақ көрсететін модельге тиісті болып есептеледі.

Бұдан басқа, халықаралық практикада инвестициялық жобаны іске асыру алдында жобаларды жеке сектор қаражатының есебінен немесе жобаның сапасы (VfM) сәйкес болатын жоба құны барысында жобаны іске асырудың тиімді моделін анықтау үшін

мемлекеттік бюджет қаражатының есебінен іске асыру мүмкіндігін алдын ала салыстырмалы талдау жүргізіледі.

МЖК жобаларын іске асыру құқығына конкурстар өткізудің халықаралық тәжірибесі конкурстық іріктеу үдерісінде бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- 1) конкурсқа қатысушыларды алдын ала іріктеу;
- 2) конкурстық ұсыныстардың техникалық параметрлерін бағалау;
- 3) конкурстық ұсыныстардың қаржылық параметрлерін бағалау.

Бірінші кезең шеңберінде конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысушыларды қызметтердің белгілі бір стандарттарына сәйкес инфрақұрылымды басқару және дамыту саласында оның нақты қажеттіліктерін қанағаттандырудың жеке нұсқаларын ұсынуды сұрайды. Бұл кезеңде, әдетте, қатысушылар ұсынған шешімдер конкурсты ұйымдастырушы ұсынған инженерлік-конструкторлық тұжырымдамаға немесе болжанған бағалар немесе сыйақы деңгейі сияқты қаржы элементтерін көрсетпей пайдалану көрсеткіштеріне негізделеді.

Екінші кезеңде конкурсты ұйымдастырушы бірінші кезеңде жүргізілген келіссөздер негізінде жоба параметрлерін анықтайды және конкурстық ұсыныстарда көрсетілген қаржы параметрлерін бағалау негізінде конкурс жеңімпазын таңдайды. Сауда-саттыққа қатысушы жобаны ұйымдастырушы ұсынған барлық техникалық талаптар мен шарттардың міндетті сипатымен жазбаша келісуге тиіс, себебі техникалық ұсыныстар берілмейді.

Бұдан басқа әр түрлі әдістермен партикаға енгізу – объектілерді қаржыландыру тетіктері, көлемдері мен қызметтер көрсету сапасына байланысты болатын қызметтер.

Осылайша, халықаралық практикаға жүргізілген талдау тәжірибесін:

- 1) Жаңа концессияларды енгізу жолымен концессия модельдерін кеңейту;
- 2) Мемлекеттік меншіктің объектілерін басқаруға беру, басқару және қамтамасыз ету, жалға алу;
- 3) Жеткілікті қаражатты өзі жинақтамайтын әлеуметтік жобаларда концессионердің инвестициялық қана емес сондай-ақ пайдалану шығындарын да өтеу;
- 4) Мемлекеттік сектордың компараторын пайдалану жоспарланған мемлекетке қоғамдық қажетті жобаларға бюджет қаражатын барынша азайтуға және дұрыс бөлуге мүмкіндік беретін бөлігінде пайдалануға болатынын көрсетті.

МЖӨ тетігін пайдалану кезіндегі объект құрылысына инвестициялық шығындар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырудан жоғары болатыны сөзсіз. Алайда, екінші жағынан жеке сектор сапаға тиісті талаптарды қамтамасыз ете отырып бекітілген мерзімде объектіні салуға, ал кейіннен тұрғындарға сапалы қызметтер көрсетуге мүдделі болады.

Бұдан басқа, мемлекет жеке секторға объектіні салу және пайдалану құқығын бере отырып біріншіден, инвестициялық шығасыларды төлеу мерзімін ұзарту мүмкіндігін

алады, екіншіден, мемлекет салынған объектіні пайдалану кезеңінде қамтамасыз ету жөніндегі шығындарды азайтады.

5) Қазақстанда МЖӘ жобасын әлеуетті іске асырушыны таңдау жөніндегі бір сатылы және екі сатылы конкурс жүргізу жүйесін енгізу.

6) Жобалық қаржыландыру құралын енгізу. Жобалық қаржыландыру инвестициялық жобаны регрессіз немесе инвестордың қарыз алушыға (жоба бастамашысына) шектелген регресімен іске асыру үшін нысаналы қарыз алу болып табылады, бұл ретте төлем міндеттемелерін қамтамасыз ету аталған жобаның жұмыс істеуінен болашақ немесе ағымдағы ақша ағымдары, сондай-ақ осы жобаға қатысты активтер болып табылады. Компанияның қарызы акционерлердің теңгеріміне әсер етпейді.

Яғни, дәстүрлі қаржыландырудан негізгі айырмашылығы жобалық қаржыландыру кезінде кредиторлар борышты өтеу үшін жобаның ақша ағымдарына үміттенетіні болып табылады, ол кезде қарыз алушыны емес жобаның өзін бағалау жүргізіледі.

Халықаралық практика көптеген ірі жобаларды іске асыру халықаралық капитал нарықтарына шығу арқылы «ұзын» және арзан ақша тартуды талап ететінін көрсетеді.

Өз кезегінде жобалық қаржыландырудың жалпы қағидаттары мен сипаттамалары бар:

а) нысаналы бағдарлану қағидаты пайдаланылады, яғни нақты бір жобаны іске асыру үшін заңды тұлға (арнайы жобалау компаниясы) құрылады;

б) кредиторларға борышты қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында болашақ ақша ағымдары бойынша талап ету құқықтарын беру жүргізіледі;

в) қарыз капиталы шектеулі болады (шектеулі регреспен қаржыландыру), яғни кредитордың басқа қаржы көздерін, мысалы акционердің (инвестордың) активтерін талап етуге құқығы болмайды;

г) жобалау компаниясының активтерін бөлу қағидаты пайдаланылады, ол өзгеге берілген соң бұл активтерді кредиторлардан басқа ешкімнің өндіріп алуға құқығы жоқ дегенді білдіреді. Бұл ретте бөлінген актив таратылатын массаға жатқызылмайды. Қазіргі кезде осы прецедент ҚР-ның секьюритилендіру мәселелері жөніндегі заңнамасында реттелген;

д) жоғары леввередж бар, яғни борыштың жеке капиталға қатынасы 30-дан 70-ке немесе 10-нан 90-ға дейін әр түрлі болуы мүмкін, яғни жобалық қаржыландыру кезінде қарыз жоба құнының 90%-ына дейін жетуі мүмкін.

Жобалық қаржыландыру құралының маңызды факторының тағы бірі жасалған келісімшарттар негізінде жобалық тәуекелді оның барлық қатысушылары арасында бөлу болып табылады.

Қазақстан экономикасына бейімделген халықаралық тәжірибені пайдалану МЖӘ тетігін пайдалану арқылы инвестициялық жобаларды іске асыруға және қоғамдық маңызы бар қызметтер көрсетуге оң әсерін тигізеді.

3.5.1. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті әлеуметтік салада дамыту (білім беру, денсаулық сақтау)

ҚР нормативтік-құқықтық базасына жасалған талдау қолданыстағы заңнаманың МЖӘ-ні әлеуметтік салаға белсенді енгізуді тежейтінін көрсетті.

Келесі жүйелі мәселелерді пысықтау мемлекетке жеке секторды әлеуметтік сала объектілерін қаржыландыру, салу және тиімді басқару үшін тартуға мүмкіндік береді:

- 1) концессияға беруге жатпайтын объектілер тізімін қарастыру;
- 2) концессионерге көлемі ұсынылған қызмет сапасына тәуелді инвестициялық қана емес, сондай-ақ пайдалану шығындарының да орнын толтыру мүмкіндігін беру үшін концессионерге мемлекеттік қолдау шараларын қарастыру;
- 3) келісімшарттардың ұзақ мерзімділігі, тұрақтылығы сияқты МЖӘ-нің негізгі қағидаттарын ескеріп азаматтық заңнама шеңберінде сенімгерлік басқару және жалға алу шарттарын жетілдіру. Бұл жағдайда халықаралық тәжірибеден «басқару және қамтамасыз ету» келісімшарттарын бейімдеуге болады.

Басқару және қамтамасыз ету келісімшарттарын пайдалану мемлекеттік меншік объектілерінің ағымдағы қызметтерін басқару сапасын көтеру қажет болатын жобалар үшін тән. Осы ретте, пайдалану шығындарын мемлекет өз мойнына алады, жеке тарап өз жұмысының ақысын қызметтердің сапасына қарап алады және ешқандай да инвестициялық шығындарды алмайды. Осындай келісімшарттардың мерзімі, әдетте, 3-5 жылды құрайды. Әдетте, басқаруға білім, денсаулық сақтау, коммуналдық меншіктердің қазіргі объектілері беріледі. Келісімшарт персоналды басқару, қаржылық басқарма және стратегиялық жоспарлау, сондай-ақ ғимараттың жекелеген қызметтерін техникалық қамту жөніндегі (тамақтандыру, жабдықтармен қамтамасыз ету, кір жуу, рентген қызметтері, би және ән үйірмелері, спорттық үйірмелер және т.б) яғни, аутсорсингке берілетін қызметтерді қамтиды

Бұдан басқа, халықаралық тәжірибенің негізінде пайдалану кезеңінде объектілерді пайдалануға беру кезеңінде қаржыландырудың әр түрлі тетіктерінің мүмкіндіктері зерделенетін болады. Мысалы, жан басы бойынша қаржыландыру нысанында, ваучер нысанында және тағы басқа білім беру жүйесінде қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу және енгізу.

3.6. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жобаларында инновациялық-технологиялық дамуды талдау

Ескерту. 3-бөлім 3.6.-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.26 № 1235 қаулысымен.

Шетелдік тәжірибені талдай отырып, инфрақұрылымға инновациялық өзгерістер енгізудің тиімді және ұтымды тетігі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігі арқылы

жеке капиталды тарту болып табылады.

Мұндай жобаларды мемлекеттің толық қаржыландыруымен салыстырғанда, жеке компаниялар басқаратын жобалар құрылыстың, сол сияқты кейіннен пайдаланудың құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Оның үстіне, осы инфрақұрылым объектілерінің тиімділігі объектіні салу мен пайдаланудың бүкіл кезеңдерінде едәуір ұлғаяды.

Мұндай құбылыс МЖӘ бүкіл тетігінің негізі болып табылады – объектілердің шығындары неғұрлым төмен және сапасы жоғары болса, концессионер алатын табыс та жоғары, тиісінше жобаның өзін-өзі өтеу мерзімі төмендейді және концессионердің кредиторлармен тез есеп айырыуға мүмкіндігі болады.

Бұл концессионердің неғұрлым прогрессивті техникалық шешімдерді, инновациялық технологияларды пайдалануы үшін қосымша және қажетті ынталандырулар жасайды, сондай-ақ құрылыс сатысында сапасын арттырады. Әлемдік тәжірибеде концессиялық компаниялар экономика мен өндіріс салаларының технологиялық, сол сияқты инновациялық дамуының негізгі қозғалтушы күші болып саналады, ал олардың әзірлемелері кейіннен қайтланады және концессиялық та, концессиялық емес те басқа жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылады.

Осылайша, концедент жеке меншік сектордан ең жаңа технологияларды, инновациялар мен ноу-хауды пайдалануды күте алады. Сондай-ақ басқаша түрде мемлекет қол жеткізе алмайтын немесе жоба үшін арнайы әзірленетін жеке меншік сектордың технологиялары мен қолда бар тәжірибеге қол жеткізу туралы да сөз болып отыр. Мемлекеттік сатып алудың дәстүрлі тетігін пайдаланған кезде мұндай міндетті шешу мүмкін емес, алайда МЖӘ-де негізі қаланған ынталандыру тетігінің арқасында бұл мақсатқа қол жеткізуге болады.

Мемлекет инновациялық технологиялар мен инженерлік шешімдерді пайдалануда жеке компанияларға еркіндік бере алады. Бұл жағдайда концедент мұндай инновациялар қамтылған тендерлік ұсыныстарды бағалауға және салыстыруға дайын болуы тиіс. Жалпы, жобаны дайындауға неғұрлым көп қаражат инвестицияланса, тендерге қатысушыларға соғұрлым сапалы ақпарат беріледі, ал бұл, өз кезегінде бәсекелестікті күшейту мен неғұрлым сапалы және инновациялық тендерлік ұсыныстар алу үшін ынталандыру болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары мен іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2014.11.26 № 1235 қаулысымен.

4.1. Бағдарламаның мақсаты

ҚР-да мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін заңнамалық және институционалдық негіз құру

4.2. Міндеттері

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.26 № 1235 қаулысымен

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:
 МЖӘ мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру;
 бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын жоспарлау тәсілдерін өзгерту;
 МЖӘ негізінде жобаларды дайындау және іске асыру үдерістерін тиімді жобалау және басқару бойынша шаралар әзірлеуді қамтамасыз ету;
 халыққа қызмет көрсету сапасы арқылы жобаны тиімді іске асыруды бағалаудың ө л ш е м д е р і н б е л г і л е у ;
 МЖӘ қағидаттарынан хабардар болу және оны түсіну деңгейін жоғарылату.

4.3. Нысаналы индикаторлар

Ескерту. Кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2014.11.26 № 1235 қаулысымен.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін қолдана отырып инвестициялық жобаларды іске асыру 2015 жылы 2008 жылмен салыстырғанда кемінде 2 есеге ұлғаяды

4.4. Нәтижелер көрсеткіштері

Іс-шаралар	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1. Концессиялық заңнаманы жетілдіру	ҚР Үкіметіне ұсыныс		1			1
2. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің жаңа түрлері мен келісімшарттары есебінен мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолдану салаларын кеңейту (денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және т.б.)	ҚР Үкіметіне ұсыныс		1			
3. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің негізінде жобаларды дайындау және іске асыру үдерістерін тиімді жоспарлау және басқаруды қамтамасыз ету	ҚР Үкіметіне ұсыныс			1		

4. МЖӘ-нің әр түрлі тетіктері бойынша жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік қолдау шараларын дамыту	ҚР Үкіметіне ұсыныс	1			1
--	---------------------	---	--	--	---

4.5. Мақсатқа, нысаналы индикаторларға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар

Бағдарламаны іске асыру үшін мына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың: Қаржы министрлігінің, Әділет министрлігінің, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, Көлік және коммуникация министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агенттігінің, Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің, облыстар, Алматы және Астана қалалары әкімдіктерінің, «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ-ның жәрдем көрсетуі қажет.

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

5.1. Келісімшарттарды жетілдіру және олардың жаңа түрлерін енгізу

Қазақстанда концессиялық жобаларды іске асыру тәжірибесінің болуына қарамастан, капиталды көп қажет ететін объектілерді инвестициялау кезіндегі тәуекелдерді бөлу, мемлекеттік бюджетті жеңілдету және бюджет саясаты ракурсының әлеуметтік мәні (денсаулық сақтау, білім беру және т.б) жобалардың іске асыруға ауысуы, мемлекеттік меншік объектілерін басқару жұмысына жекеменшік капиталды тарту жолымен оны басқарудың тиімді әдістерін белгілеу сияқты МЖӘ мақсаттары қазіргі уақытта тұтастай стратегиялық деңгейде жасалған жоқ.

МЖӘ тетіктерін қолдану экономиканың әлеуметтік және стратегиялық маңызды салаларын жаңғырту үдерісінің негізгі құрамдауышы бола алады.

Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында 2012 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне МЖӘ мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу қажет, атап айтқанда:

1) бюджеттік заңнамаға инвестициялық жобаларды іске асыруға алдын ала талдау жүргізу іске асыру схемасын тиімді анықтау үшін; мемлекеттік қолдаудың шаралары; мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын индекстеудегі инвестициялық және пайдалану шығыстарын өтеу тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыру бөлігінде;

2) концессия мәселелері жөніндегі заңнамаға концессия мәнін нақтылау; мемлекеттік қолдау шараларын дамыту; МЖӘ ұғымын бекіту; екі кезеңдік конкурс өткізу тетіктерін енгізу; конкурс рәсімдерін жетілдіру; концессиялық шарттар шеңберінде тарифтерді қалыптастыруға тәсілді қайта қарау; концессия модельдерін

Іске асырушының (концессионер) қызметін бағалау мақсатында МЖӘ тетігін пайдалана отырып жобаларды іске асыру шеңберінде 2011-2013 жылдары қызметтің сапасын қызмет сапаларының индикативті көрсеткіштерін бағалау бойынша әдіснаманы әзірлеу жолымен халыққа берілетін қызметтер сапасының стандарттарын е н г і з у қ а ж е т .

МЖӘ-ні одан әрі дамыту жеке инвесторлардың әлеуетін іске асыруға және дамытуға институционалды инвесторлардың қаражатын тартуға және экономиканың әлеуметтік маңызды секторында мемлекеттің функциясын сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда МЖӘ-ні табысты дамыту МЖӘ тетігін келісілген және өлшемді түрде қолдану тәсілдері жүйесіне байланысты болады.

МЖӘ негізінде жобаларды дайындау және іске асыру үдерістерін тиімді басқару мен бақылауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді шешу мақсатында МЖӘ негізіндегі жобаларды дайындау және іске асыру үдерістерін тиімді басқару мен бақылаудың әдіснамасын әзірлеу бөлігінде ұсыныстар енгізілетін болады. МЖӘ мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты негізде жүргізілетін болады.

2011 жыл бойы Қазақстан Республикасының Үкіметіне қажетті өзгерістер кешенін айқындау мақсатында бюджеттік инвестицияларды іске асыруды жоспарлауға арналған қолданыстағы тәсілді талдау бойынша есеп беріліп тұрады, бұл бюджеттік инвестицияларды іске асыруды жоспарлауды жетілдіру бойынша инвестициялық жобаларды жоспарлау тәртібін өзгерту бөлігінде кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

2014-2015 жылдар ішінде Бағдарлама бойынша қол жеткізілген шаралар негізінде МЖӘ жобаларын іске асыру жүргізіледі.

Қажетті заңнамалық негізді құрудың нәтижесі 3-кестеде көрсетілген экономиканың әртүрлі салалар үшін МЖӘ тетіктерін қолдану нәтижесі болады.

3-кесте. Дәстүрлі түрде мемлекеттің жауапкершілігі саласына жататын бағыттар бойынша 2011 мен 2015 жылдары МЖӘ тетігін қолданудың нұсқалары.

Кезеңдері	Экономика саласы	Инфрақұрылымның негізгі объектілері
	Автомобиль көлігі	Бөлінген жолақтарды, жол бойындағы жолақтарды, көпір өткелдерін, тоннельдерді қоса алғанда, автомобиль жолдары
	Сумен жабдықтау және су бөлу	Су шаруашылығының құрылыстары (су жинау құрылысы, сорғы станциялары, су құбырын тазарту құрылыстары)
	Тұрғын үй құрылысы	Әлеуметтік мақсаттағы тұрғын үй-жайлар (кешендер)
	Коммуналдық шаруашылық	Тұрғын үй қорына қызмет көрсету және оның жай-күйін тиімді басқару объектілері (күрделі жөндеу, үй-жайлар мен аумақтарға қызмет көрсету, үйлердегі ақауларды жою; үй-жайларды, жанындағы аумақты, кіреберістерді жинау; үйлердің коммуналдық жай-күйін жедел қолдау

2011 – 2015 МЖӘ-ні қолдану саласын кеңейту МЖӘ-нің басқа келісімшарттарын енгізу		қызметін қамтамасыз ету (су аққан кезде, құбыр бұзылған кезде); жеке меншік әріптестердің коммуналдық қызметтерді төлеуге ыңғайлы терминалдармен қамтамасыз етуі)
	Қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әр – ҚТҚ) қайта өңдеу	ҚТҚ сорттау орталығы; ҚТҚ қайта өңдеу зауыттары; қоқыс шығару ұйымдары; ҚТҚ полигоны; ауыл шаруашылығы қалдықтарын полигондарға жеткізу, қабылдау және жерге көму
	Газбен жабдықтау	Газ құбырлары, газ жабдығы, газбен жабдықтау желілері
	Жылумен жабдықтау	Жылумен жабдықтауға етуге арналған қазандықтар, жылу желілері, жылыту жүйелері
	Білім беру	Мектепке дейінгі, орта және кәсіби техникалық білім беру объектілері және жоғары оқу орындары; жатақханалар мен басқа инфрақұрылым, қосымша қызметтер (тамақтандыру, көлік, үй-жайлар мен жанындағы аумақты жинау)
	Ғылым	Ғылыми ұйымдар, ғылыми зертханалар, тәжірибелік өндірістер, коммерцияландыру ұйымдары
	Денсаулық сақтау	Денсаулық сақтау объектілері және қызметтер көрсету
	Пенитенциарлық жүйе	Қамаудағыларды ұстау мекемелері (түрмелер, тергеу изоляторлары)

Осы Бағдарлама әр түрлі салалардағы құрылып жатқан немесе қолданыстағы объектілер арқылы инвестициялық жобаларды іске асыру және/немесе қоғамдық маңызы бар қызметтерді іске асыру барысында МЖӘ тетіктерін енгізудің жалпы көзқарастары берілген. Бағдарлама ықтимал конкурс ұйымдастыру жолдарын, қаржыландырудың қаржы құралдарын, мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың МЖӘ әр түрлі келісімшарттарын енгізу бойынша жалпы бағыттар береді.

Сонымен қатар, салалық органдарға мемлекеттік және салалық бағдарламалардың шеңберінде әр саланың ерекшелігін ескере отырып, МЖӘ құралын енгізу көрінісін қарастыру ұсынылады.

6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап е т п е й д і .

МЖӘ тетігін пайдалана отырып іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландырудың негізгі көздері жеке инвесторлардың қаражаты болып табылады.

Өз кезегінде биліктің орталық және жергілікті атқарушы органдарына бюджетті жоспарлау кезінде МЖӘ тетігін пайдалана отырып инвестициялық жобаларды іске асыруда концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау, экономикалық сараптама жүргізу, консультанттар қызметі, мемлекеттік қолдаудың қаржылық шараларын беру тиісті бюджеттік қаражат көзделетін болады.

7. Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған бағдарламаның іс-шаралар жоспары

--	--	--	--	--	--

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
МЖӘ мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру					
1.	«Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік-жеке меншік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң жобасы тұжырымдамасын заң жобалау қызметі бойынша ВАК-тың қарауына енгізу	ЭДСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша)	« 2011 жылғы 3-тоқсан	Көзделмейді
1.1	МЖӘ тетіктерін әлеуметтік салада (білім беру) пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ұсыныс	БҒМ, Әділетмині, Қаржымині, ЭДСМ, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Көзделмейді
1.2	МЖӘ тетіктерін әлеуметтік салада (денсаулық сақтау) пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ұсыныс	ДСМ, Әділетмині, Қаржымині, ЭДСМ, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Көзделмейді
Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету					
2.	МЖӘ мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктігін арттыру	МЖӘ мәселелері бойынша семинарлар, тренингтер	ЭДСМ, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	Тұрақты түрде	Көзделмейді
Халыққа қызмет көрсетудің сапасы арқылы жобаны іске асыру тиімділігінің өлшемдерін белгілеу					
3.	Халыққа қызмет көрсетудің сапасы арқылы жобаны іске асыру тиімділігінің өлшемдерін әзірлеу	ЭДСМ бұйрығы	ЭДСМ, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар (келісім бойынша)	« 2011 жылғы 4-тоқсан	Көзделмейді
Бюджеттік инвестицияларды іске асыруды жоспарлау тәсілін өзгерту					
4.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістердің қажетті кешенін айқындау және түзетулерді әзірлеу мақсатында бюджеттік инвестицияларды іске асыруды жоспарлаудың қолданыстағы тәсіліне талдау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	ЭДСМ, Қаржымині, «Қазақстандық МЖӘ орталығы» АҚ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Көзделмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және
сауда министрлігі
- Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- Әділетмині – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі
- ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігі
- ВАК – Ведомствоаралық комиссия
- «Қ а з а қ с т а н д ы қ
МЖӘ орталығы» АҚ – «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік
орталығы» акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК